

## Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 ақпандағы N 104 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 11 наурызда N 2-7-133 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі № 267 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің  
02.04.2012 № 267 қаулысымен.  
Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес, Жамбыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2012 жылғы 25 ақпандағы N 1-17-25 ұсынысы негізінде, Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы Жамбыл ауданының Ақтерек селолық округіндегі "Абзал" шаруа қожалығында, Дегерес селолық округінің Дегерес ауылында және Қарақыстақ селолық округінің Үшбұлақ ауылында аусыл ауруының пайда болуына байланысты, Жамбыл ауданы бойынша шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жамбыл аудандық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі және "Жамбыл ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі, аусыл ауруының таралуына жол бермеу және анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық салауаттылыққа қол жеткізу мақсатында, қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды өткізсін.

3. Жамбыл ауданының аумағы аусыл ауруы бойынша қолайсыз аймақ деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Чажабаяев Жұмабек Тоқаұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Далабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК